

2020 жылға «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп*

№	Корпоративтік басқару кодексінің принципі/Қағидалары	Принципті/қағиданы сақтау/сақтамау туралы ақпарат	Принципті/қағиданы сақтау үшін орындалған іс-шаралар туралы түсініктемелер және ақпарат
1	Үкімет Қордың акционері ретінде	Сақталады	<p>«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Даму Стратегиясының негізінде «ҮМЗ» АҚ 2018-2028 жылдарға Даму стратегиясы әзірленді («ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 25 шешімі).</p> <p>«ҮМЗ» АҚ Жарғысында оның органдары мен құзыреті белгіленеді: Жоғарғы орган - АҚ Жалғыз акционері; Басқару органы - Директорлар кеңесі; Атқарушы орган - Басқарма. АҚ Қаржы - шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган - ішкі аудит қызметі.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) және онымен өзара іс-әрекет туралы қағида, Директорлар кеңесі туралы қағида, Басқарма туралы қағида әзірленді және бекітілді.</p> <p>Директорлар кеңесінің құрамы «ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз Акционердің шешімімен сайланды («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысы 26.06.2019 ж. №7/19 хаттамасы, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысы 26.08.2019 ж. №8/19 хаттама, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысы 24.04.2020 ж. №5/20 хаттама, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысы 01.10.2020 ж. №11/20 хаттама, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысы 04.12.2020 ж. №14/20 хаттама) 3 жыл мерзімге және 6 адамнан тұрады,</p> <p>Директорлар кеңесінің құрамы: Директорлар кеңесінің Төрағасы Ибраев Б.М. – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЯОО жөніндегі Бас директор; Директорлар кеңесінің мүшелері: Батырбаев А.А. - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ сату жөніндегі Бас директор; Ақан А.М. – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Қазынашылық департамент директоры; Оразалиев Д.Ж. – тәуелсіз директор. Сатмолдина А.М. – тәуелсіз директор. Бежецкий С.В. – «ҮМЗ» АҚ Басқарма Төрағасы. «ҮМЗ» АҚ-да «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 5</p>

* «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі қаралды, назарға алынды (2021 жылғы 29 маусымдағы № 8 хаттама).

			шешімімен бекітілген корпоративтік Әдеп кодексі және комплаенс жұмыс істейді. «ҮМЗ» АҚ омбудсмені В.П. Донцов Омбудсмен шексіз рет қайта сайлана алады.
2	Қор мен ұйымдардың өзара іс-әрекеті. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі	Сақталады	Таза табысты акционерлердің пайдасына бөлу «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысының 2020 жылғы 26 қарашадағы № 13/20 хаттамасымен бекітілген еншілес ұйымдарға қатысты «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның дивидендтік саясаты негізінде дивидендтер түрінде жүзеге асырылады. Жыл сайын Директорлар кеңесі Даму стратегиясының іске асырылуы туралы есепті қарайды, Қаржы-шаруашылық қызмет жоспары және даму жоспары бойынша құжаттарды, «ҮМЗ» АҚ Басқарма мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекітеді. Тоқсан сайын Директорлар Кеңесі қарайды: Тәуекелдерді басқару бойынша есеп; СЕО (Атқарушы органның) Қаржы-шаруашылық және өндірістік қызмет туралы есебі, олар мыналарды қамтиды: Қызметтің негізгі қаржылық нәтижелері туралы есеп (бюджеттің атқарылуы); Өндірістік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы есеп; Қоғаммен жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер туралы есеп; Инвестициялар жоспарын және инвестициялық жобаларды іске асыру туралы есеп; Корпоративтік хатшының Директорлар кеңесі бұрын қабылдаған шешімдерін іске асыру туралы есеп; Әлеуметтік тұрақтылық мәселелері бойынша есеп. Жыл сайын Директорлар кеңесі бекіткен ҚНҚ-мен салыстырғанда Атқарушы органның ҚНҚ орындалуын бағалауды жүзеге асырады. Бұл бағалау Атқарушы органның сыйақысына әсер етеді. «ҮМЗ» АҚ-да «ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) және онымен өзара іс-қимыл, Директорлар кеңесі, Басқарма туралы ережелер бекітілді.
3	Тұрақты даму	Сақталады	«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (29.12.2017 жылғы № 17 ДҚ хаттама) «ҮМЗ» АҚ стейкхолдерлерінің картасы бекітілді. «ҮМЗ» АҚ стейкхолдерлерінің картасы қоғамның тұрақты дамуына елеулі ықпал ететін сыртқы, сондай-ақ ішкі мүдделі тараптармен сындарлы қарым-қатынас құруға арналған. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімді жүйесі ұзақ мерзімді құнды құру, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және қоғамның оң беделін қалыптастыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді. «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесімен («ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2020 жылғы 13 тамыздағы № 11 хаттама) 2020-2022 жылдарға «ҮМЗ» АҚ тұрақты даму бағдарламасын бекітті. Қазіргі уақытта «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына 2020 жыл үшін «2020-2022 жылдарға «ҮМЗ» АҚ тұрақты даму бағдарламасын» іске асыру туралы есеп ұсынылды.

			<p>«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі отырыстары өткізеді, оның ішінде: жыл сайын «ҮМЗ» АҚ Даму стратегиясын іске асыру туралы есепті мақұлдау туралы; тоқсан сайын қарау туралы; Тәуекелдерді басқару бойынша есеп; СЕО (Атқарушы органның) Қаржы-шаруашылық және өндірістік қызмет туралы есеп, олар мыналарды қамтиды: Қызметтің негізгі қаржылық нәтижелері туралы есеп (бюджеттің атқарылуы); Өндірістік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы есеп; Қоғамның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер туралы есеп; Инвестициялар жоспарын және инвестициялық жобаларды іске асыру туралы есеп; Корпоративтік хатшының Директорлар кеңесі бұрын қабылдаған шешімдерді іске асыру туралы есебі; Әлеуметтік тұрақтылық мәселелері бойынша есеп.</p>
4	Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) адал қарым-қатынас	Сақталады	<p>Акционерлер «ҮМЗ» АҚ қызметі туралы ақпаратты «ҮМЗ» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ интернет-ресурсы арқылы алады, жалғыз акционердің функцияларын іске асыру арқылы «ҮМЗ» АҚ басқаруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және «ҮМЗ» АҚ Жарғысында, сондай-ақ «ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционері (акционерлердің жалпы жиналысы) туралы ережеде және онымен өзара іс-әрекеті айқындалған тәртіпте «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі арқылы алады.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ дивидендтердің мөлшерін анықтау және төлемнің ашық тетігі айқындалды («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 26 қарашадағы № 13/20 хаттамасымен бекітілген еншілес ұйымдарға қатысты «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ дивидендтік Саясаты).</p> <p>«ҮМЗ» АҚ акционерлері Қазақстан Республикасының заңнамасы, еншілес ұйымдарға қатысты «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ дивидендтік саясаты және «ҮМЗ» АҚ Жарғысы негізінде «ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз Акционердің шешімімен айқындалған мөлшерде және мерзімде дивидендтер алады.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ барлық жай дауыс беретін акциялар Жалғыз акционер – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ға тиесілі екенін ескере отырып, «ҮМЗ» АҚ Жарғысының 47-тармағында және 4.1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді, «ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционері (акционерлердің жалпы жиналысы) және онымен өзара іс-әрекеті туралы Ережелер. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және «ҮМЗ» АҚ Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді «ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционері жеке қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарға қысым жасамайтын және шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуге тиіс.</p> <p>Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және «ҮМЗ»</p>

			<p>АҚ Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысына сәйкес осындай шешімдерді қабылдау құқығына ие «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ органы қабылдайды.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысының) қарауына мәселелерді дайындау және шығару тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен, «ҮМЗ» АҚ Жарғысымен және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысымен айқындалады.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысының) қарауына мәселелерді дайындау және шығару тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен, «ҮМЗ» АҚ Жарғысымен және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысымен анықталады.</p>
5	Директорлар кеңесі мен Атқарушы органның тиімділігі	Сақталады	<p>Директорлар кеңесінің құрамы «ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беретін акцияларын иелік ететін Жалғыз Акционердің шешімімен сайланды («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысының 26.06.2019 ж. №7/19 хаттамасы, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 26.08.2019 ж. №8/19 хаттама, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 24.04.2020 ж. №5/20 хаттама, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысының 01.10.2020 ж. №11/20 хаттама, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 04.12.2020 ж. №14/20 хаттама) 3 жыл мерзімге және 6 адамнан тұрады,</p> <p>Директорлар кеңесінің құрамы: Директорлар кеңесінің Төрағасы Ибраев Б.М. – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЯОО жөніндегі Бас директор; Директорлар кеңесінің мүшелері: Батырбаев А.А. - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ сату жөніндегі Бас директор; Ақан А.М. – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Қазынашылық департамент директоры; Оразалиев Д.Ж. – тәуелсіз директор. Сатмолдина А.М. – тәуелсіз директор. Бежецкий С.В. – «ҮМЗ» АҚ Басқарма Төрағасы.</p> <p>Директорлар Кеңесінде «ҮМЗ» АҚ мүддесінде тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін және акционерлерге әділ қарым-қатынас пен орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, дағдылар, тәжірибе және білім теңгерімі сақталады.</p> <p>Директорлар кеңесінің құрамы тәжірибесі мен жеке сипаттамалары бойынша әр түрлі. Директорлар кеңесі, оның ішінде бекітілген: «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізу саясаты(ДК 2017 жылғы 08 желтоқсандағы № 14 хаттама);</p>

			<p>«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысын бағалау саясаты (ДК 2017 жылғы 08 желтоқсандағы № 14 хаттама);</p> <p>«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және «ҮМЗ» АҚ Директорлар Кеңесінің сыртқы сарапшыларды тарту жөніндегі саясаты (ДК 2017 жылғы 08 желтоқсандағы № 14 хаттама);</p> <p>«ҮМЗ» АҚ корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты (ДК 2020 жылғы 30 маусымдағы № 8 хаттама).</p> <p>Директорлар Кеңесі Төрағасының және Басқарма Төрағасының (Атқарушы органның) функциялары шектеулі және «ҮМЗ» АҚ Жарғысында, Директорлар кеңесі және Басқарма туралы ережелерде бекітілген.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционерінің шешіміне («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысы 2020.12.04ж. №14/20 хаттама, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысы 18.02. 2021ж. №1/21 хаттама) сәйкес «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің әрбір Тәуелсіз директорына жылына 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге, «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырысына әрбір қатысқан үшін Тәуелсіз директорға 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде сыйақылар белгіленеді.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ Тәуелсіз директорлар – «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің шығындарын өтеу және сыйақы төлеу қағидалары қолданылады («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысы 2021.02.18ж. №1/21 хаттама).</p> <p>Директорлар Кеңесінің отырыстары «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ тиісті қажеттілік туындаған кезде өткізіледі.</p> <p>Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу көзбе-көз және сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау Директорлар кеңесінің көзбе-көз дауыс беру нысанындағы отырыстарында жүзеге асырылады.</p> <p>Директорлар кеңесі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Корпоративтік басқару департаменті жүргізетін еншілес/тәуелді кәсіпорындардың корпоративтік басқару диагностикасы шеңберінде жыл сайынғы негізде бағаланады.</p> <p>Осы диагностиканың нәтижелері бойынша «ҮМЗ» АҚ ұсынымдар келіп түседі, олар Директорлар кеңесі бекітетін Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көрсетіледі.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ Директорлар Кеңесінің келесі комитеттері құрылды (ДК 13.08.2020 ж. № 11 хаттама):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет; 2) Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет; 3) аудит жөніндегі комитет;
--	--	--	--

			<p>4) өндірістік қауіпсіздік комитеті. Сондай-ақ, «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі келесі комитеттер туралы ережелерді бекітті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) «ҮМЗ» АҚ Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитеті туралы ереже; 2) «ҮМЗ» АҚ тағайындау және сыйақы комитеті туралы ереже; 3) «ҮМЗ» АҚ Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже; 4) «ҮМЗ» АҚ өндірістік қауіпсіздік комитеті туралы ереже бекітілсін. <p>«ҮМЗ» АҚ өз қызметін «ҮМЗ» АҚ Корпоративтік хатшы туралы ереже негізінде жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы (ДК 2019 жылғы 28 маусымдағы № 11 хаттама) тағайындалды.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ Басқармасы туралы ережеге (ДК 2020 жылғы 17 ақпандағы № 2 хаттама) сәйкес, Басқарма қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыру үшін құрылатын қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады.</p> <p>Басқарманы Төраға басқарады. Басқарма төрағасы Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне есеп береді, «ҮМЗ» АҚ қызметінің «ҮМЗ» АҚ бекітілген стратегиясы мен даму жоспарларына, сондай-ақ Жалғыз акционер мен Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді және олардың іске асырылуы мен орындалуына жауапты болады.</p> <p>Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасын және басқарма мүшелерін сайлайды, өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, олардың еңбегіне ақы төлеу шарттарын айқындайды.</p> <p>Басқарма Төрағасы мен Тасқарма мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі қойылған ҚНҚ қол жеткізу болып табылады. Басқарма төрағасының және Басқарма мүшелерінің уәждемелік ҚНҚ Директорлар кеңесі бекітеді.</p>
6	Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит	Сақтайды	<p>Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін және корпоративтік басқару практикасын жүйелі тәуелсіз бағалау үшін «ҮМЗ» АҚ-да «ҮМЗ» АҚ ішкі аудит қызметі жұмыс істейді.</p> <p>ІАҚ басшысы Сатанов Мурат Манасович болып табылады, «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (ДК 2020 жылғы 13 тамыздағы №11 хаттама) тағайындалды.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (ДК 2020 жылғы 26 мамырдағы № 7 хаттама) «ҮМЗ» АҚ тәуекелдер және комплаенс жөніндегі офицері болып М.В. Михайлова тағайындалды.</p> <p>Тәуекелдер және комплаенс жөніндегі офицер Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау мәселелері бойынша міндетті реттеушілік талаптардың сақталуын қоса алғанда, комплаенс-тәуекелдер жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыруға және тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесі іс-шараларының тиімділігіне тәуелсіз,</p>

			<p>кәсіби бағалау жүргізуге жауапты.</p> <p>Атқарушы орган тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің жұмыс істеуін қолдауды, оның ішінде тоқсан сайынғы негізде «ҮМЗ» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша саясат ережелерін іске асыру және сақталуын, тәуекелдерді басқару туралы есептерді Директорлар кеңесіне қарауға және бекітуге ұсыну жолымен қамтамасыз етеді.</p> <p>Тәуекелдерді басқару үдерісі «ҮМЗ» АҚ Стратегиялық жоспарлау, операциялық қызмет, инвестициялық қызмет, кредиттік қызмет, бюджеттеу, қызметкерлерді ынталандыру сияқты негізгі бизнес-үдерістерімен өзара іс-қимылға негізделеді.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ директорлар Кеңесі сапалық және сандық тәуекел-тәбетін, тәуекелдер тіркелімі мен картасын бекітеді. Тәуекелдер тіркелімі шеңберінде негізгі тәуекелдерге қатысты төзімділік деңгейлері көзделген.</p> <p>Тәуекелдер бойынша есеп Директорлар кеңесінің отырысына тоқсанына бір рет шығарылады.</p> <p>Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне енгізілетін тәуекелдер бойынша барлық түйінді мәселелер тиісті түрде хаттама жасалады.</p> <p>Мүдделер қақтығысы болған жағдайда, «ҮМЗ» АҚ әрбір қызметкері осы ақпаратты «ҮМЗ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі саясатына, сондай-ақ «ҮМЗ» АҚ Корпоративтік әдеп кодексіне және комплаенске хабарлауға құқылы.</p>
7	Ашықтық	Сақталады	<p>«ҮМЗ» АҚ-да «ҮМЗ» АҚ Ақпараттық саясаты жұмыс істейді, оның ішінде ақпаратты ашуды регламенттейді.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ-да «ҮМЗ» АҚ құпия ақпаратын құрайтын құжаттар мен мәліметтердің тізбесі бекітілді.</p> <p>Бұдан басқа, әрбір қызметкер «ҮМЗ» АҚ құпия ақпаратын құрайтын мәліметтерді жарияламау туралы міндеттемеге қол қояды.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ тәуекелдер және комплаенс жөніндегі офицері «ҮМЗ» АҚ инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалардың есебін және мониторингін жүргізеді.</p> <p>БАҚ ақпаратты ашу және ақпаратты «ҮМЗ» АҚ интернет-ресурсында орналастыру «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2019 жылғы 03 мамырдағы № 8 хаттамасымен бекітілген «ҮМЗ» АҚ Ақпараттық саясатпен регламенттелген.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ құрылымдық бөлімшелері «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның біріктірілген жылдық есебі үшін тиісті бағыттар бойынша ақпарат дайындайды.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуді қамтамасыз етеді. Қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудиті тәуелсіз аудиторды тарту арқылы жүргізіледі.</p>

		<p>Аудиторлық ұйымды таңдау рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық – Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС 2020-2022 жылдарға «ҮМЗ» АҚ-ның жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйым ретінде анықталды.</p> <p>«ҮМЗ» АҚ Интернет-ресурсы мүдделі тұлғаларға «ҮМЗ» АҚ қызметін түсіну үшін қажетті ақпаратты ашады.</p>
--	--	---